

Нұрпейіс Байғанин шығармашылығы

**Орындаған:Турсынбек Ш. А
Тексерген:Ертазина С. С**

Ақтөбе,2018жыл



**Байғанин Нұрпейіс
(1860-1945) - халық
ақыны, жырау,
Қазақстанның еңбек
сіңірген өнер
қайраткері. Ақтөбе
облысының Темір
ауданында (қазіргі
Байғанин ауданы)
туған.**

Өмірбаяны:

Ол ақындық өнерді ең алғаш анасынан үйренген. 16 — 17 жасынан-ақ “бала жыршы” атанады. Кейіннен Абыл, Шернияз, Нұрым, Қашаған, Ақтан, Қазақбай, Сабыр тәрізді белгілі ақындардан үлгі алып, бірқатарымен айтысқа түседі, батырлық жырларды үйренеді. Байғанин Нұрпейіс негізінен батырлықты, адамгершілік пен адалдықты, әділдік пен ізгілікті дәріптейтін, халық сүйіп тыңдайтын **“Кұбығұл”**, **“Төрехан”**, **“Қобыланды”**, **“Ер Тарғын”**, **“Алпамыс”**, **“Қыз Жібек”**, **“Айман — Шолпан”** сияқты жыр, дастандарды жырлаған. Байғанин Нұрпейіс жырлаған **“Қобыланды батыр”** жыры — осы жырдың басқа ақын-жыршылар айтқан нұсқаларынан көлемі молы, оқиғасы жағынан мазмұндысы. Байғанин Нұрпейістің ертеректе жырлаған дастан, жыр нұсқалары кезінде жазылып алынбаған.



Нұрпейіс Байғанин әрі ақын, әрі қоғам қайраткері. Ол өзінің ақындық өнерін қоғам өмірімен әр уақыт тығыз байланыстырып отырды. 1941 жылы 22 шілдеде бүкіл кеңес халқы "бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып" өзінің сүйікті Отанын шетел басқыншыларынан қорғап қалу жолына аттанып жатқанда сексен жастан асқан Нұрпейіс өткір де өжет "өлең-жырларын – зеңбірек, оқ" етіп, "домбырасын – винтовка" етіп майдан үшін, жеңіс үшін жауға қарсы жорыққа шықты. Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап ол өзінің жалынды сөздерін жауға оқ етіп атып, халық арасында үгіт-насихат жұмысын атқарды. "Қазақстан – майданға", "Қаналының қасқыр ішігі", "Ер қамын ел ойлайды", т. б. толып жатқан жырларында ақын халықтың қажырлы еңбегін, майданға деген көмек жәрдемін жырлайды.

Жетістіктері:

Ақын жыр алыбы Жамбыл сияқты Қазақстанның біраз жерлерін аралап, Алматы, Мәскеу қалаларында болып, ертеден келе жатқан жыраулық дәстүрді халқына қайта тарту етті. 1938 жылдан бастап Байғанин Нұрпейіске әдеби хатшы белгіленіп, ақын шығармаларын М. Хакімжанова, Қ. Шаңғытбаев, Е. Ахметов, тағы басқа ақындар ұқыпты түрде дер кезінде қағазға түсіріп отырды. Байғанин Нұрпейіснің өмірі мен шығарм. Е. Ысмайыловтың, О. Нұрмағамбетованың, К. Сейдехановтың зерттеулерінде қарастырылған. Ақтөбе облысында Байғанин ауданы бар. Ақтөбе және басқа қалалардағы көшелер мен мектептерге ақын аты берілген. Байғанин Нұрпейіс “Құрмет белгісі” орденімен марапатталған

ГҮЛДЕНГЕН ДАЛА

«Жаяу жыршы» кезімде
Араладым талай жол,
Қазақстан даласын
Еділ, Жайық, Қобда, Елек
Ойыл мен Сағыз, Ұлы Жем
Ор Темірдің арасын,
Көзді бұлақ Балқаштың
Сансыз тарау саласын.
Сол күнде байқап көргенмін
Жер байлығы шамасын.
Тыңдаңыз, халқым, жырлайын
Өткен күннің сарасын,
Жалғаны жоқ расын.

Ел суаты - өзеннің
Ойды қырға теңгерген,
Ағысы тасты төңкерген,
Жылап ақты ұлы өзен
Толтыра алмай сабасын.
Су кеткен соң, ну кетіп,
Тамыр түбі тартылып,
Құратты жердің ағашын.
Көн тулақпен тең етті
Топырағы торқадан,
Өсімдігі қамқадан
Өзенінің жағасын.
Қайғылы елді хан билеп,
Молда менен бай билеп,
Кетірді солар мазасын.
Сол заманда қоныстың
Көрмеді елім панасын.
Тарлық күнде тарығып,
Жаза алмады ел құлашын,

Көз жасынан жиналған
Сорағытқан сел көрдім.
Халық аңсап зарыққан
Аңызақ қаққан шөл көрдім.
Қонысты мекен жері жоқ,
Сол заманның шағында
Қайғылы көңіл шер көрдім,
Дегеніне жете алмай
Арманда кеткен ер көрдім.
Қонысы мен жері жоқ,
Еш пұрсат жоқ қолында,
Індудің құба жонында,
Түйенің жүріп қомында
Көшіп жүрген ел көрдім.
Киік пенен құланға
Сол күнгі елді тең көрдім.....

Нұрпейіс көп жасаған, көп көрген, көп үйреніп, көп жырлаған ақын. Сондықтан да ол сөзге бай, қазақ халқының қисапсыз мол сөз қазынасын түгел меңгере білген, үйрене де пайдалана білген адам. Нұрпейіс шығармалары терең мағыналы, өткір тілді болып келеді. Нұрпейіс жырлары кестелі шешендік сөзге, мақал-мәтелге, афоризмге толы. Нұрпейістің «Отарба», «Зор майданға шапшаң бар», «Ақын шабыты», «Ақын» т.б. өлеңдері бастауынан аяқталуына дейін дәстүрлі термемен айтылады.

Нұрпейіс өлеңдері соншалықты әсерлі, жанды, жалынды суретті болып келеді. Айтайын деген ойын көз алдына айқын етіп елестетіп отырады. Нұрпейіс жырларын оқығанда оқушының жалықпайтыны да, еліге, құмарта оқитыны да содан.

Нұрпейіс Байғанин соңына мол әдеби мұра қалдырған көрнекті халық ақыны.
